

САИАСАТ

ҚОҒАМҒА ҚАЗЕТ  
ДИАЛОГ АЛАҢЫ

2-бет

КҰН ТÁРТІБІ

ЭКОНОМИКАДАҒЫ  
ӨСІМ – ӘЛЕУМЕТТІК  
ИГІЛІКТЕР КЕПІЛІ

3-бет

ZERDE

«ӨЗ МАҚСАТЫНА  
ЖЕТКЕН ҰЙЫМ»

4-бет

ҚОҒАМ

ӨНДІРІСТІ ӨЛКЕНІҢ  
ҚАРҚЫНДЫ  
ҚҰРЫЛЫСЫ

5-бет

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

## ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ мен МИССИЯСЫ



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жарлығымен құрылған Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің келешегі туралы дөңгелек үстел өтті. Жиынға Ұлттық кеңес мүшелері мен сарапшылар қатысты.

Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасы кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Ерлан Саиров, «Ұлттық аграрлы ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес АҚ басқарма төрағасы Төлеутай Рақымбеков, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры

Рахым Ошақбаев, «Адам құқығының хартиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Жеміс Тұрмағамбетова, «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының жетекшісі, ҚХА мүшесі Максим Споткай Ұлттық кеңесте қарастыруға ұсынатын мәселелерге тоқталса, «Мәскеу мемлекеттік университеті» ақпараттық-талдау орталығының бас редакторы Жанар Төлендинова, Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы Алуа Жолдыбалина, саясаткер Бауыржан Төлегенов Ұлттық кеңеске қатысты ұсыныстарымен бөлісті.

►► 2-бетте

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ЖЫЛУ МАГИСТРАЛІ ЖАҢАРАДЫ

Жаңарту жұмыстарының бірінші кезеңінде №9,3 жылу магистральдары жаңадан тартылады. Жос-пар бойынша алдағы уақытта қаламызда жалпы ұзындығы 27 шақырым жылу магистралі жаңартылып, бірінші кезекте соның 5,8 шақырымы ауыстырылмақ. Биыл басталып, келер жылы аяқталатын бұл жобаны жылудың сумен жабдықтау кәсіпорны тапсырысымен «Астана ИнжКомСтрой» ЖШС жүзеге асыруда.

Қала әкіміне атқарылатын жұмыс ауқымы мен тәртібін мердігер компания басшысы Әбдіқасым Жақыпбеков таныстырды. Оның айтуынша, екі жылға созылатын жобаның негізгі бөлігі биыл өңсерілімек. Құбырлардың алғашқы партиясы тамыздың ба-сында жеткізіледі, қазір компанияның 15 жұмыскері құбырлардың астына қойылатын бетон

тіректерді дайындаумен айналысуда.

–Коммуналдық саланы жаңғырту Елбасы тапсырмасымен жүзеге асып жатыр. Мемлекет тарапынан бұл бағыттағы жұмыстарға қойылатын талаптар көп. Соның бірі пайдаланылатын жұмыс күші, құрылыс материалдары, тағы басқа құралдар отандық өнім болуы керек. Ал жұмыс сапасын біз үнемі бақылауда ұстаймыз. Сондықтан сапаға басты назар аударыңыздар, – деді Қайрат Баяндыұлы мердігер кәсіпорны басшысына. Ол сондай-ақ, жаңа магистраль іске қосылған соң ескі құбырлардың толықтай жергілікті әкімдікке тапсырылатынын, одан әрі оны коммуналдық қызметтер тұрғындар игілігіне жарататынын да ескертті.

Өз тілшіміз

Қала әкімі Қайрат Бегімов жылу магистралі желісін жаңарту жұмыстарының бірінші кезеңінің барысымен танысты.



## ЖОЛДЫҢ САПАСЫНА НАЗАР АУДАРТТЫ




Қала әкімі Қайрат Бегімов қадағай автожолдарды жөндеп жатқан мердігер компаниялардың басшыларымен кездесіп, жауапты жұмыстың жүзеге асырылу барысымен танысты. Осыған дейін анықталған олқылықтарды жою жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Жиында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автокөлік жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімі басшысының орынбасары Алмаз Жандарбеков қала жолдарындағы жөндеу жұмыстары жөнінде баяндама жасады. Оның айтуынша, биыл қала бойынша жол жөндеу жұмыстарына 1 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Қаладағы 12 көшенің жалпы ұзындығы 27 шақырым болатын жолдары жөнделімек. Олардың ішінде Геологический елді-мекенінің, Бекболатсай, Қостанкелдісай елді-мекендерінің, 7,8-ықшамаудандардың, қала ішіндегі Панфилов, Момышұлы көшелерінің жолдары бар. Мердігерлерге қойылатын талап та күшті. Асфальт-бетон төсеніштерінің құрамы бекітілген мемлекеттік стандарттарға сай болуы тиіс. Жол сапасынан кінәрат шықса мердігерлер кепілдік мерзімі ішінде олқылықтарды жоюға міндетті.

– Сіздерден бір ғана нәрсе сұралады. Ол – сапалы жұмыс. Жұмыстарыңыз сапасыз болса, қолданыстағы заңнамаға сай жауапсыз мердігерлер қатарын толықтырып, алдағы уақытта мемлекеттік сатып алулар конкурсын шеттетілесіздер, – деді мердігерлерге қатаң ескерту жасаған қала әкімі Қайрат Бегімов.

Әкімдіктегі жиында белгілі болғандай, жөндеу жұмыстары 15 қыркүйекке дейін аяқталуы тиіс.

Өз тілшіміз



«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында 2019 жылдың 3 шілдесі мен 30 қыркүйек аралығында жыл сайынғы «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы басталды.

Бұл әлеуметтік бағыттағы бастама «Жүректен жүрекке!» ұранымен өтеді. Акция мақсаты – аз қамтылған, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардың балаларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептерге байланысты балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмектер көрсету, балалардың оқумен қамтылуына жағдай жасау жөніндегі жан-жақты іс-шаралар ұйымдастыру.

Акцияға ірі компаниялар мен акционерлік қоғамдарды, бизнес-қоғамдастықтарды, мемлекеттік органдарды, кәсіпкерлерді, демеушілер мен меценаттарды атсалысуға шақырамыз.

Осындай көмекке мұқтаж азаматтарға көрсеткен қайырымдылықтарыңыз өздеріңізге өндірістік және коммерциялық қызметтеріңізде зор жетістіктермен қайтуына тілектеспіз.

Жезқазған қаласының білім бөлімі

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЕНБІЛІККЕ ШЫҒАЙЫҚ



Сенбі, 27 шілдеде Қазақстанда жалпыға ортақ экологиялық акция өтеді. Экочелленджге қолдау көрсетіп, елді-мекендер, су қоймалары мен өзендердің жағалаулары, ҚТҚ полигондары мен орман отырғызу полигондары маңын қоқыстан тазарту үшін сенбілікке қарағандылықтар да шақырылады.

Естеріңізге сала кетейік, #Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясы туралы экология министрі Мағзұм Мырзағалиев өзінің Twitter парақшасында жариялаған болатын. Бұл бастама Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов та қолдады.

– Премьер-министр Қоянды су қоймасын тазалауға қатысты. Бұл челлендж – жақсы бастама. Менің ойымша, акцияға қатысуымыз керек. Табиғатты тазартып, қоршаған

ортаны қорғауға үлес қосуымыз керек, – деді аймақ басшысы.

Ұйымдастырушылар сенбілікке барлық қарағандылықтарды шақырады.

Акцияны өткізу орны мен уақыты туралы сұрақтар туындаса, Қарағанды қаласының экологиялық сенбілікті ұйымдастыру жөніндегі штабына 56-41-27, Жезқазғандағы штабқа 73-57-87, 73-31-71, 73-50-05 телефондары арқылы хабарласуға болады.



## SARYARQA-АҚПАРАТ

## ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЖЕРЛЕР ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Аграрлық-өнеркәсіптік кешені дамытудың мемлекеттік бағдарламасына 2019 жылдың қазан айында өзгертулер енгізіледі. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

– Қазіргі уақытта, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Аграрлық-өнеркәсіптік кешені дамытудың мемлекеттік бағдарламасына 2019 жылдың қазан айында өзгертулер енгізіледі. Оның ішінде Аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығы мен айқындылығын қамтамасыз ету, Аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің өзара міндеттемелерінің жиынтығын айқындау, өңдеу зауыттары жаңғыртуға қолдау құруға Трансұлттық корпорацияларды тарту, жер ресурстарын ұтымды пайдалану шараларын қабылдау ескерілген, – деді Ж. Қасымбек.

Сонымен қатар, ол «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру мәселесіне де тоқталды.

– Бизнес-процестердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тиімділігін арттыру мақсатында «ҚазАгро» холдингінің трансформациялық бағдарламасы дайындалды. 2020-2029 жылдарға арналған Холдингінің жаңа стратегиясының жобасы әзірленіп, саланың негізгі басымдықтары ескерілді. Бизнес-процестер мен құрылымды оңтайландыруды толық автоматтандыру жүзеге асырылады. Холдинг шетелдік мамандарды тартады, – деді Жеңіс Қасымбек.

Бұдан бөлек ол Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Бас прокуратура пайдаланылмаған жерлерді анықтау және оларды айналымға тарту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіткенін мәлім етті.

– Биыл жер мониторингі, жерді пайдалану, қорғау, мемлекеттік бақылау және жер телімдерін бөлу үдерістерін автоматтандыру, сондай-ақ пайдаланылмаған жерлерді айналымға алу және қайтару жөніндегі шараларды қамтамасыз ету бойынша заңнаманы жетілдіру жоспарлануда, – деді Үкімет басшысының орынбасары.

## ҚҰРЫЛЫСТА ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР ҮЛЕСІ АРТАДЫ

Бюджеттік жобаларда отандық материалдардың үлесін 2022 жылға қарай 90 пайызға дейін ұлғайту жоспарлануда. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Жеңіс Қасымбек хабарлады.



– Өткен жылы қазақстандық қамту үлесін арттыру үшін нормативтік - құқықтық актілерге барлық қажетті өзгерістер енгізілді. Отандық тауар өндірушілердің электрондық тізімі жасалды, Жобалық-сметалық құжаттамада орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде материалдардың шығу тегін міндетті түрде көрсету бойынша талаптар енгізілді. Қабылданған нәтижелер бойынша бюджеттік жобаларда отандық материалдардың үлесін 2022 жылға қарай 90%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда, – деді Жеңіс Қасымбек.

Бұдан бөлек ол Арыс қаласын қалпына келтіру жұмыстарына тоқталды.

– Бүгінде Арыс қаласын қалпына келтіру үшін барлық күштер жұмылдырылды. Қалпына келтіру жұмыстары жедел қарқынмен жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтау жоспарланып отыр, – деді ол.

## ҚОРЫҚШЫНЫ ӨЛТІРГЕНДЕР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Тәртіп сақшылары Ақмола облысының аумағында қорықшыны өлтіргендерді өуеден және үш облыс аумағындағы жолдардан іздетті.

ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың мәлімдеуінше, инспекторларға шабуыл жасаған қылмыскерлерді анықтау және ұстау үшін республика бойынша «Устау» операциясы жүргізілген. Қолдағы деректер барлық аймақтарға жөнелтілген.

– Оқиға орнына жақын орналасқан Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының жеке құрамы дереу күшейтілген қызметке көшті. Облыстық және республикалық маңызы бар автожолдарға блок-бекеттер қойылды, үш облыстық жолдары бойынша жедел-іздерістер топтары жіберілді. Іздерістер жұмыстарына ІІМ ТЖК тікұшақтары, ІІМ Криминалдық полиция департаментінің және «Арлан» арнайы бөлімшесінің қызметкерлері қатысты, – деді Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

Жоспарланған іс-шаралардың нәтижесінде күдікті анықталып, қамғауға алынған.

– Жедел-іздерістер шараларының нәтижесінде Арқалық қаласының тұрғыны күдікті ретінде анықталып ұсталды. Сондай-ақ, қылмыс болған тұстан 20 шақырымдай жерден «Нива» маркалы автокөлік табылды. Қазіргі уақытта күдіктіге қатысты тергеу амалдары жүргізілуде. Қылмыс құралы мен оқ-дәрілер тәркіленді. Бірқатар криминалистік сараптамалар тағайындалды. Бұл қылмысқа басқа да қатысушылардың бар-жоғы тексерілуде, – деді Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

Қорықшы Қ.С. Нұртазиновтың өліміне және қорықшы С.К. Оспановты өлтіру ерекетіне байланысты ҚР ҚК-нің 99-бабы, 2-бөлімі бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Сонымен бірге Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Ішкі істер органдарының браконьерліктің алдын алу және жолын кесу бойынша атқарып жатқан жұмыстары туралы хабарлады.

Жыл басынан бері киіктерді браконьерлік жолмен аулау фактісі бойынша 37 қылмыстық іс қозғалды, 32 адам ұсталды, 634 киік мүйізі, қылмыс құралдары, сондай-ақ, 13 бірлі автокөлік және 19 – атыс қаруы алынды. Келтірілген шығын көлемі 1,3 миллиард теңгеден асты.

Браконьерлік үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту, оның ішінде мүлік пен қылмыс құралын тәркілеу туралы ұсыныстар енгізілді. Табиғат және жан-жануарлар өліміне қатысты заңдарды бұзушылар келтірген зиян үшін өндірілетін өтемақы мөлшерін арттыру мәселесі де пысықталуда. Орман шаруашылығы және жан-жануарлар өлімін қорғау бөлімшелерінің көліктерін арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықтап, белгілі бір түске бояу мәселесі әзірленді.

Еске сала кетсек, кеше Ақмола облысының Жарқайың киік аулағандар ауданында ізіне түскен екі инспекторды атып жарақаттанды. Кейінірек жарақат алған қорықшының бірі қайтыс болғаны хабарланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев браконьерлердің қолынан қаза тапқан азаматтың отбасына көңіл айта отырып киіктерді атқаны үшін жазаны қушытуды тапсырды. Ал ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Президент тапсырмасына сәйкес қылмыстық заңнама күшейтілетін мәлім етті.

## БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

## Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ:

## ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІН ОРЫНДАУҒА КІРІСТІ

«Киелі Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, саяси ғылымдар кандидаты Берік Әбдіғалиұлы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жергілікті әкімдерге берген нұсқауы маңызды екенін айтады.

Ғалым Мемлекет басшысы сайлау кезінде берген уәдесін іске асыруға нақты кірісе бастады деген пікірде.

– Сол кезде айтылып, елдің көңіліне қонған мәселелер кешегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында көрініс тапты. Оның ішінде маған бюджеттік қаражатты тиімді жұмсау бойынша берген нұсқаулары ұнады. Қазақстанда қаражат бар. Әр түрлі жобаларға миллиард-миллиард ақша кетіп жатыр. Қаражатты жұмсаудағы негізгі өлшем адам болуы керек. Мемлекет басшысы осыны талап етіп отыр. Мысалы жолды жол үшін емес, қаражатты игеру үшін емес, адамдар жүру үшін салады. Міне жұмысқа, қаражат игеруге деген қатынас осы тұрғыда өзгеруі керек. Президент өз сөзінде миллиардтаған қаржы жұмсап жатқан өңірлерді мысалға алды. Сол жобаларды бастамас бұрын халықпен кеңесу керектігін айтты, – дейді ол.

Берік Әбдіғалиұлының айтуынша, ауылдардың қаңырап бос қалуы – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналып отыр.

– Бүгінде су жоқ ауылдар бар. Ауылдардан халықтың кетуі – үлкен проблема. Негізгі себеп жұмыссыздық десек, онда зейнеткерлер неге үдере көшіп жатыр? Себебі, қаладағыдай жайлы тұрмыс жоқ. Қазір ондай жағдайды шағын қазандықтар арқылы ауылда да жасауға болады. Оған технология мүмкіндік береді. Ақсақалы көшкен соң ауыл да ұзаққа бармай құриды. Бюджет үнемдеу үшін 2-3 ауылды бір ауылға көшіре салу керек дейтіндер бар. Осының салдарынан жеріміз бос, иесіз қалуы мүмкін. Мемлекет басшысы соны тоқтату үшін өңірлерді дамытудың жаңа бағдарламасын қолға алуды тапсырып отыр. Адам мүддесін бірінші қою осы жерде де алдымыздан шығады. Қаржыны үнемдеуді емес, адам игілігіне тиімді жұмсауды ойлау қажет, – дейді саяси ғылымдар кандидаты.

## ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ мен МИССИЯСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Ұлттық кеңестің мүшесі Ерлан Саиров жаңа Жарлыққа қатысты қоғамдағы резонансты еліміздегі қоғамдық-саяси процестерді либералдандыруға сұраныстың болуымен байланыстыратынын айтты.

– Ұлттық кеңес билік пен қоғам арасында диалог құруға мүмкіндік беретін, демократиядағы плюрализмге қажетті алғышарттарды ұсына алатын алаңға айналмақ. Қоғамдық сенім деп аталатыны өзі сенім арқылы ұлттық диалогтың жаңа форматы пайда боларынан үміт береді. Бұл кеңес арқылы қоғамдық саяси баланс түзеуге мүмкіндік аламыз. Елімізде әлеуметтік, еңбек, азаматтарды қорғау мәселелерінде шешімін таппаған сұрақтар көп. Олардың барлығы толық, бетпе-бет талқыланбақ. Мені мазалайтын сұрақтардың бірі – шекара жағдайы. Шығыстағы Катонқарағай, Марқакөл

Ақсуат, Мақаншы өңірлерінен халық үдере көшіп жатыр. Мысалы, бұрынғы Марқакөл ауданында осыдан 30 жыл бұрын 27 мың адам тұрған. Қазір аудандағы тұрғындардың саны 6 мыңға жетер-жетпес. Мұны гуманитарлық проблема деп те атауға болады. Дәл осындай жағдай Алматы облысында да бар. Бұл мәселені шешу үшін кезінде қысқарып қалған аудандарды қайта құру қажет. Содан кейін шекаралық аймақтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама жасау керек. Ұлттық кеңесте бұл сұрақ та талқыланатын болады. Мемлекеттің саяси мәндемментінде осы сынды өзекті мәселелерді шешу қарастырылған деп сенемін, – деді саяси мүшесі.

«Ұлттық аграрлы ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес АҚ басқарма төрағасы Төлеуай Рақымбеков

Қандай да болмасын мемлекеттік органның жетістікке жетуі, оның имиджінің артуы, бірінші кезекте, кадрлық саясатқа тікелей байланысты. Себебі, білікті маман – кез келген саланың қарыштап дамуына септігін тигізеді.

## БАСТЫ МАҚСАТ – МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ КӘСІБИЛІГІ

Осыған орай, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилік деңгейіне деген талап күн сайын артып келеді. Ол үшін, мемлекеттік қызметші үнемі өзінің білімі мен біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруда олардың тағылымдамадан өтуі өз нәтижесін беруде.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бастамасымен аймағымыздың мемлекеттік қызметшілері мемлекеттік органдармен қатар, квазимемлекеттік және жеке секторларда тағылымдамадан өтуде.

Бүгін күні облысымыздың 77 мемлекеттік қызметшісі, оның ішінде 5-і квазимемлекеттік мекемелерде, 10-ы жеке секторда және 62-і мемлекеттік органдарда тағылымдамадан өткен. Тағылымдамадан өткен мемлекеттік қызметшілердің айтуынша «тағылымдама барысында алған практикалық білімдері мен дағдылары олардың кәсіби тұрғыдан дамуына және өсуіне, сонымен қатар, өз функционалдық міндеттерін орындау барысында қабылданатын шешімдердің сапалылығына ықпал етер етуде».

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер кәсіпорындарда тағылымдамадан өткен уақытта жетекшілік ететін саладағы

мекемелердің нақты жұмысымен танысады.

Осыған орай, екінші жартыжылдықта 66 мемлекеттік қызметшінің жартысынан көбі, яғни, 35-і квазимемлекеттік және жеке сектордағы кәсіпорындарда тағылымдамадан өтетін болады.

Жалпы алғанда, тағылымдамадан өту мемлекеттік қызметшінің кәсіби деңгейінің өсуіне себепші болады. Өз кезегінде мемлекеттік қызметшінің кәсібилік деңгейінің артуы оның мансаптық өсуіне тікелей әсер етуде.

Мысалы, жыл басынан бастап жергілікті атқарушы органдардың 85 мемлекеттік қызметшісі өткізілген ішкі конкурстардың нәтижесі бойынша жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалып, мансабы өскен. Былтырғы жылдың осындай уақытында 82 мемлекеттік қызметші жоғарылатылған. Бұл аймағымызда меритократия қағидасының іске асырылуының жарқын көрінісі деп айтуға болады.

Талант МЕДЕТ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары

Сарапшы кешегі Үкімет мәжілісінде бюджеттің бір бөлігін халықтың қатысуы арқылы игеру сөз болғанын айтады.

– Бұл әлемде бар тәжірибе. Бюджеттің белгілі бір бөлігін қайда жұмсау керектігін тұрғындар өздері ақылдасып шешеді. Бір жағынан осының арқасында халық та бюджеттің не екенін көзімен көріп, түсінеді. Әкімнің негізгі жұмысының бірі – кәсіпкерге қолдау көрсету екенін айтылды. Бұрын бұл бізде шағын және орта бизнес өкілдеріне қолдау көрсету тұрғысында, жоспарлы түрде жүрді. Былай қарасаң, әкімге ол тек есеп беру үшін ғана керек еді. Ал бұл жолы кәсіпкерден түскен салық жергілікті әкімдік бюджетіне қалады деп отыр. Кәсіпкердің бизнесі дамыған сайын оның салығы артады. Салық арқан сайын өңірдің бюджеті көбейеді. Яғни әкімдік бұл істе ынтыландыратын фактор пайда болмақ, – дейді маман.

Ол сондай-ақ, өңірлерге қатысты теңгерімсіз саясат қалыптасқанын айтады.

– Әр өңірге қаражат әр түрлі бөлінеді. Бұл жерде әкімнің ықпалдылығы, біліктілігі, құжатқа тиынақтылығы сияқты дүниелер көп мәселені шешіп жүр. Мемлекет осының бәрін ондағы халықтың саны мен табиғи ерекшелігіне, экономикасының табысына сай реттеп отыру қажет. Үкімет мүшелері өңірлерде жиі жүруі керек. Көптеген министрлер ауыл түгіл аудандарға аяқ баспайды. Ешқашан өңірлерде жұмыс істеп көрмеген. Ал әкімдер бүгінде облыс орталықтарын өсемдеп, одан қалса аудан орталықтарын жылтыратуға құмар. Шалғай ауылдарға аяқ баспайтын облыс әкімдері де бар. Ауылға барса да тікұшақпен келіп, тікұшақпен кететіндерді көріп жүрміз. Сол әкім сол жолмен жүріп көрсе ғой деген қызыл бар ел ішінде. Расымен де, 5-6 сағат ел құсап жол азабын көрсе, бірінші кезекте тозығы жеткен жолдарды жөндеткізер еді. Әкімдерге «халыққа жақын болындар» дегенде осыны меңзеді деп ойлаймын. Өз көзімен көрген Жезқазған-Қызылорда, Ұлытау-Арқалық, Арқалық-Державинск жолдарын мысалға келтіруге болады. Сол жолдар жөнделсе, өңірлердің бір-бірімен байланысы нығаяр еді. Қазір жол жөндеу жұмыстарында жүйе жоқ. Басталады да,



аяғы сұйылып кетеді, – дейді Берік Әбдіғалиұлы.

Әкімдердің елдің мұң-мұқтажына құлақ түре білуі басты талаптың бірі болмақ. Сарапшының пікірінше, уақыттың өзі өңірдегі басшылардан осыны талап етіп отыр.

– Президент ел үніне құлақ түре білетін мемлекет қалыптастыру туралы айтты. Жер-жердегі әкімдер – мемлекеттің өкілі. Солар әр азаматтың көкейінде жүрген мәселені білуі керек. Ол үшін әлеуметтік желіде белсенді жұмыс жасалып, әрбір әкімдік жанында арнайы кеңестер нақты іспен айналысуы керек. Бұған дейін халық басшыға бағынады деген түсінік болса, Президент мәселені басқаша қойып жатыр. Әкімдерге бағаны халық беруі керек. Ендігіде халықтан оң баға алмаған әкімнің мәселесі қаралатыны да айтылды, – деп түйіндеді ойын ол.

болады. Бұл алаңда көз келген мәселе, кеңес тыңдаусыз, талқылаусыз қалмайды. Бәрінен бұрын жұмысты бастау керек, қалғаны сол кезде белгілі болады. Кеңес мүшелері әлеуметтік-экономикалық мәселелері шешімін таппаған ауыл-аймақты аралайтынына да сенімдімін. Мән-жайды өз көзімізбен көріп, анықтап, кейін талқыға салып, кеңес берілуі керек. Өзім кеңес жұмысын осылай елестетемін, – деді ол.

Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы Алуа Жолдыбалина Еуропадағы мемлекеттердің, АҚШ-тың, Малайзияның тәжірибелеріне талдау жасағанын айта отыра, кеңес жұмысын жүйелі түсетін үш бағытты ұсынды.

– Біріншіден, азаматтардың арыздарының, шағымдары мен сауалдарының нақты жүйесін жинақтау қажет. Кез келген мемлекеттік органдарға түсетін арыз-шағымдарды да осы топқа жинаған жөн. Екіншіден, ашық және жабық тыңдаулар өткізуді ұсынамыз. Үшіншіден, жұмыс топтары мен жұмыс органы «азаматтық жюри» сияқты жаңа технологияларды пайдаланғанын абап. Төртінші кезекте әлеуметтік желі арқылы диалог жүруі керек. Осы төрт форматқа Президент Әкімшілігі назар аударып, кеңес мүшелерінің жұмысын қамтамасыз етуі керек. Кеңестің құрамы өте жақсы іріктелген. Тек енді сол құрамының жұмысын қамтамасыз ету қажет, – деді саясаттанушы.

Сонымен бірге халық арасында Ұлттық кеңес туралы толық пікірдің қалыптаспағанын, қоғамның өлі де түсінбейтін тұстары барын ескертіп өтті.

– Жалпы БАҚ пен әлеуметтік желідегі пікірлерге зер салсақ, ел арасында Ұлттық кеңес туралы арқалы диалог жүруі керек. Осы төрт форматқа Президент Әкімшілігі назар аударып, кеңес мүшелерінің жұмысын қамтамасыз етуі керек. Кеңестің құрамы өте жақсы іріктелген. Тек енді сол құрамының жұмысын қамтамасыз ету қажет, – деді Алуа Жолдыбалина.

## ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ ДИАЛОГ АЛАҢЫ



Қоғам қайраткері Мұхтар Тайжан Ұлттық қоғамдық кеңес шынайы диалог алаңына айналады деген пікір білдірді.

– Өз басым бұрыннан айтып келе жатырмын. Білік пен қоғам арасында диалог құратын жүйе болу керек. Сондықтан, биліктің нақты осы қадамын қолдаймын. Мұндай тұрақты түрде жұмыс істейтін жиын берімізге қажетті деп білемін. Біздің Қазақстанымыз болашақта өркендетті, құқықтық, демократиялық, шынайы нарықтық мемлекетке айналуы керек. Бұл кеңеске кірудегі өзіміз мақсатымыз осы. Біз келесіке ұрпаққа өте өркендетті мемлекетті қалдырып кетуіміз қажет. Осы кеңес сол басты мақсатымызға нақты қадам болады

деп үміттенемін. Сондықтан өз басым кеңестің жұмысына атсалысуға дайынмын, – деген саясаткер кеңестің жұмысы ашық болатынына сенім білдірді.

– Біздің жұмысымыз міндетті түрде ашық болады. Өз мақсатымызды өзгертпейміз. Бірте-бірте ортақ мақсатқа жетеміз деген үміт бар. Ең бастысы, кеңестің жұмысында ешқандай шеңбер жоқ. Ел өмірін жақсартуға қатысты шаруалардың бәрін қамтитын болады, – деді Мұхтар Тайжан.

Бет материалдарын дайындаған Дархан МҰХАН

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

# ЭКОНОМИКАДАҒЫ ӨСІМ – ӘЛЕУМЕТТІК ИГІЛІКТЕР КЕПІЛІ

## қала әкімі Қайрат БЕГІМОВТИҢ баспасөз брифингінен



Өткен аптада қала басшысы Қайрат Бегімов жергілікті және облыстық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап брифинг өткізді. «Дидар» телеарнасында үйымдастырылған іс-шараға Қарағанды облыстық «Сауағар» телеарнасының, облыстық «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриальная Караганда» газеттерінің тілшілері, жергілікті ақпарат құралдарының басшылары мен журналистері қатысты.

Брифингтің ашылу сөзін: – Жезқазған қаласы үшін биылғы 2019 жыл – мейрәлі жыл. Биыл сүйікті қаламызға 65 жыл толып отыр. Былтыр 22 маусымда мен осы қалаға әкім ретінде тағайындалған едім, содан бері де 1 жыл уақыт өтті. Еселті кезең аралығында нақты нәтижелерге қол жеткізіп, алға қойылған міндеттер орындалуда. Экономикада қол жеткізген қарқын сақталуда, өндіріс қарқынын төмендетпеу және экономиканың өсуін қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құрып, қала тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруға ерекше назар аударылуда, – деп бастаған Қайрат Баяндыұлы соңғы уақытта атқарылған шаруалар мен қолға алынған жатқан оң бастамаларға кеңінен тоқталды.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Мәселен 2020 жылдың 3-тоқсанында «Қазақмыс» корпорациясы қара мыс концентратын гидрометаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауыты жобасын іске қоспақ. Бұған корпорация 8 млрд теңгеден астам қаржы бөліп отыр. Жаңа зауыт іске қосылғанда қосымша 97 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Сондай-ақ, «қарапайым заттар экономикасы» дамыту мақсатында «Ахтамов» шаруа қожалығының құс фабрикасын ашу жобасы да әкімдіктің мақұлдауын алған. 2019-2020 жылдары Кеңір ауылының аумағында аймақ тұрғындарын жылына 1 мың 200 тонна құс етімен қамтамасыз ететін құс фабрикасы салынамақ. Жобаның құны 240 млн теңге болатын жаңа нысанда қосымша 60 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Аймақтағы азық-түлік бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс жобалар да жоқ емес. Қазір қалада жаңа «Самад» супермаркетінің құрылысы жүруде, алдағы уақытта «ULY DALA» сауда жүйесінің тағы 10 шағын маркеті ашылмақ. Әкім баяндамасында «Казхимсинтез» химиялық зауыты, «А4» сауда-сауық орталығы сынды басқа да іске қосылатын ірі жобалар, кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған нақты шаралар көрініс тапты.

Осы ретте қаладағы сауда нысандары да қала басшылығының тұрғындар қолайлылығы және қала келбетіне керік қосу туралы бастамасын қолдап, іске кіріскен де айта кеткен жөн. Атап айтсақ, «Шаруа» базары жақын күндері барлық санитарлық талаптарға сай келетін және тұтынушыларға қолайлы қызмет көрсететін көйпке өнбек. Екі қабатты жаңа сауда павильоны биыл жыл соңына дейін есігін айқара ашамақ.

Халықты жұмыспен қамту бағытында да оң жетістіктер жетерлік. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жыл басынан бері 8 жұмыссыз өзін-өзі асыраушы азамат жалпы сомасы 99,5 млн теңгені құрайтын 6 пайыздық микрокредит алған. 1726 жұмыссыз тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұдан бөлек көпбалалы, аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында оларға 1 маусымнан бастап қала - ішілік қоғамдық келісте тегін жүру мүмкіндігі ұсынылған. 1 қыркүйектен бастап 1-4 сынып аралығындағы 1300 бала тегін ыстық тамақпен қамтылмақ. Осы ретте көпбалалы отбасы балаларының балабақша мен қосымша үйіме ақысына 50 пайыздық жеңілдік ұсынылды. Көпбалалы отбасыларды баспамен қамту үшін республикалық бюджеттен бөлінген 254 млн теңгеге 30 пәтер сатып алу жоспарлануда.

Қалада өзекті болып отырған балабақша жетіспеушілігі мәселесі де жақын күндері жеке меншік бақшалар есебінен толықтай шешілмеке. Орта мектептерді материалдық базасын нығайту, заманға сай жабдықтау жұмыстары да жоспарлы түрде жалғасуда.

Қала әкімінің баяндамасында муниципалдық шаруашылық, кешенді жоспардың нақтылануы, басқа да мәселерге кеңінен көрініс тапты. Одан кейін кезек журналистердің сұрақтарына берілді.

Алғаш болып сұрақ қойған «Подобности» газетінің бас редакторы Нина Барбуцько қаладағы құрылыс, жөндеу жұмыстарына тартылатын мердігерлердің көп жағдайда басқа аймақтардан келетінін айта келе, жұмыстарына салғырт қараған ондай кәсіпорындардың заң бойынша жауапқа тартылу тәжірибесін сұрады.

– Қалада 2018 жылдан бүгінге дейін құрылыс саласы бойынша мердігерлерден 7 нысан қабылданды. Олардың барлығы техникалық талаптарға сай және мерзімде аяқталды. Гагарин көшесі 70/4 және Сәтбаев көшесі 70 «Б» мекенжайы бойынша пайдалануға берілген екі көпқабатты тұрғын үйдің айналасы мен кіреберісін ретке келтіру туралы облыстық мәс-

лихат депутаттары тарапынан ескертулер жасалған болатын. Мердігерлер «Құрылыс» ЖК мен «Самға» ЖШС бүгінде ол олқылықтардың орнын толтырды. «Жастар» саябағында да депутаттардың ескертуімен 200 шаршы метр аумаққа тротуар плиталары төселіп, жарық бағандарының орындары ауыстырылды. Сонымен бірге өткен жылы Талап ауылына тартылған магистральды ауыз су құбыры жаңартылған болатын. Жалпы құны 223 млн теңгенің жұмысын «Стиг ТФК» ЖШС атқарды. Қарағанды облысы ревизиялық комиссиясының аудиторлық тексерісі кезінде жұмыс көлемі 29 млн теңгеге артық көрсетілген анықталды. Комиссия нұсқама-ры орындау үшін бюджет пайдасына 17 млн 764 мың 806,06 теңге қайтарылды. Қалған 11 млн 305,3 мың теңге қалалық құрылыс бөлімінің талап-арызы негізінде сот шешімімен өндірілді, – деген қала басшысы қолданыстағы заңнамаға сай мемлекеттік сатып алулар конкурсына басқа өңірлердің мердігерлерінің қатысуына шектеу қойылмайтынын да еске салды.

Қарағанды облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің тілшісі Юлия Пулина қала маңындағы өзен-сулардан өлі балықтардың табылуына байланысты қолға алынған шаралардың жай-жапсарын сұрады. Қайрат Баяндыұлы ол жағдайдан хабардар екенін, алғаш хабар түскеннен бастап бақылауда ұстап отырғанын айтты.

– 12 мамырда мен оқиға орнына жауапты мамандармен бірге барып, жағдаймен таныстым. Балықтардың қырылуына байланысты Қарағанды облысы бойынша экология департаменті «Жылумен сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ-ға тазартылған көріз суын жіберуде бекітілген нормаларды бұзғаны үшін 946 мың теңге айыппұл салды, – деген қала басшысы мәселені түбегейлі шешу үшін көріз тазалау жүйелерін жаңарту бойынша жоба әзірленіп жатқанын жеткізді. «Қазтехнология» ЖШС жасап жатқан жобалық құжат қазанда аяқталып, желтоқсанда сараптама қорытындысы алынбамақ.

Әкім сондай-ақ қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы апта сайын ауыз суды тексеріп, бақылап отырғанын, денсаулыққа зиян элементтердің анықталмағанын да жеткізді. «Сауағар» газетінің «Қаланың архитектуралық келбетін жақсартуға байланысты қандай да бір жоспарлар, бастамалар бар ма?» деген сұрағына орай Қайрат Баяндыұлы болашақта қала батысқа қарай кеңейетінін, жаңа нысандар да сол ауданда бой көтеретінін тілге тиек етті.

– Қазіргі кезде аталған ауданда Жезқазған қаласының құрылыс бөлімінің тапсырысымен 60 және 90 пәтерлік 2 көпқабатты тұрғын үй құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы мен сараптамасы даярланған 60 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы басталып, келесі жылы

пайдалануға беріледі. Орталық емхана маңында 900 орындық мектеп құрылысы жүргізілуде, 320 орындық денешынықтыру сауықтыру кешені құрылысы басталмамақ. Сәулет және қала құрылыс бөлімі қаладағы нысандардың сыртқы сәулеттік келбеттерін ретке келтіру жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Биылғы жылы кәсіпкерлер 3 сауда нысанының сыртқы келбетін ретке келтірді. «Шаруа» базарын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. «Мерей» базарын қайта жаңғыртуға меншік иесі эскиздік жоба әзірлеуде. Аталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді қала әкімі.

«Жезқазғанский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпабанбаева Жезқазғанда онкологиялық аурулармен сырқаттанушылар санына алаңдаушылық білдіріп, қалада онкологиялық орталық ашу мүмкінді-

қысақ дайындықтың жай-жапсарын сұрады.

– Был қыста «Қалалық автокөлік жолдары басқармасы» муниципалдық-мемлекеттік кәсіпорны күн сайын 3 көшені қардан тазалады. Қар тазалау жұмыстарына 15 арнайы техника және 56 жұмыскер күнделікті жұмылдырылды. Автобус аялдамаларына және жаяу жүргіншілер жолдарына құм, тұз себу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарға 50 тонна құм және 30 тонна арнайы тұз себілді. Биылғы жылы да жұмыстар негізгі көшелерде жүргізілетін болады. Ақ жаз айларында көшелерді сумен шаю бойынша қиындық болып тұрғаны рас. Оның үстіне жекешелендіру жоспарына сай «Қалалық автокөлік жолдары басқармасы» – муниципалдық-мемлекеттік кәсіпорны биыл жекешелендірілмеке. Соған байланысты бірқатар жұмыс кідіріп тұр. Аталған мекеме алдағы уақытта нарықтың қатынастар талабы бойынша жұмыс істейтін болады.



– Біз де атқарылатын жұмыс көлемін есептеп, қосымша қаржы бөлеміз. Жағдай бақылауда, бұл саладағы жұмыс өлі жалғасын табады, – деді қала басшысы.

Брифинг барысында журналистер қала әкіміне әлеуметтік желідегі белсенділік, азаматтармен кері байланыс, ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы қарсаңында республика бойынша жүріп жатқан эстафетіне қатысу, көп балалы, аз қамтылған отбасыларды қолдау шаралары, «Бақытты отбасы» жобасына қатысу мүмкіндіктері, тағы басқа бірқатар мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, нақты жауап алды. Баспасөз мәслихатына қатысып, қала дамуына бей-жай қарамаған ақпарат құралдарына алғысын жеткізген қала әкімі алдағы уақытта жергілікті атқарушы биліктің бар күш-жігері мен бюджет қаражаты қаланы көркейту мен тұрғындардың жайлы өмірін қамтамасыз етуге бағытталатынына сендірді.

Дархан МҰХАН

## ҚҰРМЕТ

Металлург – темірден түйін түйіп, мыс балқытып, шойын қорытқан кез келген адам шыдай алмайтын күрделі де қиын жұмыстың иесі. Аты әлемге әйгілі Қазақстан өнеркәсібінің негізгі тірек күші «Қазақмыс» корпорациясы екені даусыз. Осынау өндіріс алыбының жұмысын өрге домалатып, алға жетелеуде жезқазғандық металлургтердің де үлесі орасан зор.



# МЕТАЛЛУРГТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



– Кезінде маған маңызды өмірлік тәжірибе берген, қайратымды шыңдаған және сенімді достар табуға септігін тигізген металлург кәсібин тандағанымды мақтан етемін. Қазақстандағы металлургия саласы дамудың инновациялық жолына түсіп, өндірістік ұжымдарымызға болашаққа нық сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Сіздер алдағы уақытта да түзеліс Қазақстанның игілігі үшін жаңа кәсіби жетістіктерге ұмтылып, адал еңбек ететіндеріңізге сенемін, – деді барша металлургтерді төл мерекесімен құттықтаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Шілде айының үшінші жексенбіне бекітілген металлургтер көсібі мерекесі мысты шаһарда да үлкен көлемде аталып өтті. Қазақстандық металлургияның негізін қалаған фа-

көп жылғы еңбегі мен жетістігі үшін «Құрметті металлург» төсбелісімен Төлеген Бүкіровті және III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелісімен Кенжемурат Қазбеков, Әлішер Жұбанұшев, Зейнет Төлегенованы марапаттады. Сондай-ақ, білікті металлург мамандарға Қарағанды облысы әкімі мен Жезқазған қаласы әкімінің алғыс хаттарын табыстады.

Шараны одан өрі «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-нің бас директоры Аманкелді Мінігулов, «Kazakhmys smelting» ЖШС-нің бас директоры Әділет Барменқұлов, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов, «Кәсіп Қорған» кәсіподағының төрағасы Тоғызбай Тәжбенов, «Қазақмыс» корпорациясы «Jastar Bolashaq» жастар ұйымының төрағасы Сабиржан Тембаев жалғастырды. Үздік металлургтерге алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтарды табыс етті.

Металлург мерекесіне орай ұйымдастырылған әсем кеш эстрада жұлдыздары «Музарт» тобы, Алтыншай Жорабаева, Төреғали Төреәлі, Сон Паскаль, «Vivo» тобы және Президент оркестрінің «Байжан» ансамблінің концерттік бағдарламасымен жалғасып, отшашумен қорытыланды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН  
Суреттерді түсірген  
Фалия ӘБДИАППАРОВА

# «ЖАРҚЫН АҚЫЛ» БІЛІМ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

## Бір жылдығын атап өтті

Қазіргі таңда экономикалық және инновациялық даму тұрғысынан жаһан жұртын қайран қалдырып отырған еврей халқы бала тәрбиесін ең басты орынға қояды. Балаға ешқашан комплекс тудырмау, ой еркіндігіне шек қоймау, қандай жағдай болмасын баланы әрдайым мақтап отыру, әр ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үйрету, отбасындағы махаббат пен құрметті сезіндіру, уақытын тиімді пайдалануға үйрету және де жақсы атана болуға тырысу сынды жеті ережені өз өмірлерінде қатаң ұстанатын бұл жұрт «Менің баламның бос минуты да болмауы керек, есесіне оның жарқын болашағы болады» деген қағидаға берік. Келешегіне кеңінен талдау жасап, ұрпақ тәрбиесін ұлт болашағымен байланыстырған қазақ халқы да жеті ырысының біріне бауыр еті баласын балаған «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген қағида арқылы бала бойына ұлтымызға ғана тән тәрбие мен тағылымды сіңірген қазақ халқы да бүгінгі уақытта күн сайын дамудың биік сатысына көтеріліп келеді.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», – деп нақты атап көрсеткен еді. Білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеуде үлкен жауапкершілікті иығына артып, аз уақыт ішінде ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген қаламыздағы «Жарқын ақыл» білім және даму орталығының жұмысы көз қуантады. Орталықтың жұмыс жасап жатқанына 1 жыл толуына арналған атаулы іс-шараға Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов, Қарағанды облыстық мәслихаттың депутаты Бекзат Алтынбеков, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, «Кәсіп Қорған» кәсіподағының төрағасы Тоғызбай Тәжбенов арнайы келіп, негізгі жұмыстармен танысты. «Отары Ітд» жандырық-инновациялық компаниясының әнінмен ұйымдастырылған «Жарқын ақыл» білім және даму орталығының бір жыл ішінде 300-ден астам бала біліп алып шықты. 2018 жылғы 14 шілдеден өз жұмысына толықтай кіріскен бұл орталықта IT-сыныптар, домбыра, тоғызқұмалақ, мектепке дейінгі дайындық, ағылшын тілі курстары бойынша балаларға алты жастан бастап тегін оқыту-үйрету жұмыстары жүргізіледі.

«Жарқын ақыл» білім және даму орталығының бір жыл ішінде жеткен жетістіктері де аз емес. Мысалы, Александр



Шарепин Массачусетс технологиялық институтының Scratch.Mit.edu халықаралық платформасында осы орталықта жасап шығарған ойынның жариялау, екі күн ішінде 50 000-нан астам жүктелім жинаған. Ал жас домбырашы Рәсул Бірімжанов Алматы қаласында өткен республикалық «Жеті өнер» байқауына, Айғаным Фазылова, Тәңірбергелен Нұрмұхамедұлы робототехника бойынша республикалық «Сары» байқауына I орынды иеленді.

– Менің «Жарқын ақыл» білім және даму орталығынан үйренерім өте көп. Бұл жердегі мұғалімдер де ұнайды, олар түрлі әдіс-тәсілдермен әрбір сабақты қызықты етіп оқытады. Мен бұл жерде робототехника бойынша көптеген жаңа дүниелерді үйрендім. Болашақта программист болсам деймін. Сол арқылы мен мүмкіндігінше шектелуімізге және барлық қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектесетін роботтар жасап шығарғым келеді, – дейді кішкентай болса да үлкен жетістіктерімен қуантып жүрген 10 жасар Айғаным

Фазылова. Қала басшысы Қайрат Бегімов білім алушыларға: – Сіздер аз уақытта көптеген білім бөлестерді бағындырдыңыздар. Құрметті жастар, Жезқазғанның атын шығарар, республика мойындайтын азамат болыңыздар! – деп ақ тілегін білдірді.

Шара соңында «Отары Ітд» өндірістік-инновациялық компаниясының басшысы Сәуле Шауенова компанияда көп жылдан бері еңбек етіп жүрген алты баланың әкесі Жастілек Есенге төрт бөлмелі және көп балалы аналар Гүлмира Асанбаева мен Айгерім Кіретоваға Жезқазған және Сәтбаев қалаларынан үш бөлмелі пәтердің кілтін табыстады және «Жарқын ақыл» білім және даму орталығынан орталығының оқытушылары Әлібек Қаратаев пен Нұржан Құлымұраевқа Нұр-Сұлтан қаласында 12-21 тамыз аралығында өтетін халықаралық скаут-лагерьге жолдама сыйлады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«ҰЛЫТАУ» ҚОЗҒАЛЫСЫНА 30 ЖЫЛ

22 шілдеде аймағымыздағы азаматтардың өз бастамасымен құрылған алғашқы қоғамдық ұйым «Ұлытау» қозғалысының ресми тіркелгеніне 30 жыл толды. Жақында өңірдегі экологиялық мәселелерді алғаш көтеріп, рухани құндылықтарымызды дәріптеуде өзіндік орнын айқындаған сол ұйымның төрағасы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан БАЙМЕНОВ мырзамен сұхбат құрған едік. Тәуелсіздік қарсаңындағы қоғамдық-саяси ахуал, егемендіктің алғашқы жылдарындағы азаматтық белсенділік, бүгінгі қоғамдық ұйымдардың бағыт-бағдары туралы өрбіген сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.



ағаларымыз да қоғамдық ұйымдардың қажеттігін түсініп, қолдау танытты. Ал қалалық деңгейдегі басшылар керісінше, ескіліктің елесінен арыла алмай, кедергі келтірумен, бізді ұлтараздықты қоздырушы деп айыптауға дейін барды. Біз ресми түрде тіркелу үшін құрылтай жиналысының хаттамасын қалалық атқару комитетіне тапсыруымыз керек болды. Апарып тапсырып едім, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысына дейін қатысқан отырыста қарсылыққа тап болдық. «Ескі хандықты көкесп жүрсіндер», «қазақтың қанын қоздырып жүрсін», «ұлтшылсың» деген айып тағып, «Жезқазғанда отырып неге «Кеңгір» деп атамайсыңдар?» деген де аргумент келтірді. Мен де қарап қалмадым, Ұлытау біз үшін ұлттық тарихымыздың, мәдениетіміздің, таза табиғатымыздың символы деген тұрғыда түсіндіре бастадым. Экология мәселесі негізгі бағытымыз екенін айтып, саяси тақырыптарды атамандым. Сонымен не керек ол жиында біздің өтінішіміз қанағаттандырылғандай болған. Сөйтсем, қала басшылары мәселені сөз бұйдаға салып, ұмыттырып жібереміз деп ойласа керек. Біраға дейін ресми тіркемей



дейін» деген экспедиция ұйымдастырдық. Экспедицияны қолдап, қаржылай көмектескендер де көп болды. Олардың қатарында кейін «Тұран» банкі аталған банкті басқарған Нұрлан Мағұмов, бүгінде марқұм боп кеткен Болат Дүйсенбаев досымыз болды. Экспедиция жұмысына Бақтияр Қожахметов жауапты болды. Өзбекстаннан керуенге

Қарауылға дейін жүріп өттік. Бұл бұқаралық іс-шаралар орталықтың ядролық сынақтарды тоқтату туралы шешіміне ықпал етті деп ойлаймын. – Бүгінде азаматтық қоғам институттары белсенді әрекет етуде. Түрлі салада белгілі бір мәселелердің төңірегінде маманданған бірлестіктердің жемісті еңбек етіп жатқанын

«ӨЗ МАҚСАТЫНА ЖЕТКЕН ҰЙЫМ»

– Әлеке, «Ұлытау» қозғалысы, ол қозғалыс құрылған тұстағы одақтама, республикадағы ахуал аға болуға жақсы таныс. Қозғалыстың өзі туралы өңгімені бастама бұрын жас оқырмандарымызға сол тұстағы саяси жағдай туралы айта отырсыз.

көрнеп, ұшақта: «Семипалатинск, Байқонур, Сарыөзек – Раны степи моей необъятной. Полigon, космодром, человек Кто же главней в ряду непонятно», – деп басталатын өлең жолдары туды. Осы өлеңге кейін біздің «Ұлытау» қозғалысының белсендісі Еркін Жабағинов өн жазып, сол өнімнен бірнеше фестивальде жүлдегер болғанын да айта кеткен жөн.

жүріп алды. Сосын облысқа шағымданады деген талабымыздан кейін ғана 22 шілдеде «Ұлытау» қозғалысын ресми тіркеді.

– Қозғалыстың ұйытқы болуымен қоғам алынаын істер, жеткен жетістіктер мен өлптеген-айлар туралы айта отырсаңыз.

– Біз ең бірінші өзекті мәселе ретінде «Байқоңырдан» ұшатын зымырандар мәселесін алдық. Олардың ұшатыны туралы жергілікті халық, даладағы ауылшаруашылығы еңбеккерлері алдын ала хабардар етілуі, зымыран сынықтарының дер кезінде жиналуы, оның қоршаған ортаға, халық денсаулығына зияны туралы ақпараттардың ашық болуы сынды талаптар қойдық. Бұл мәселеде жетістіктеріміз болды. Зымырандардан экологияға, халық денсаулығына келетін зиянды ғылыми тұрғыда дәлелден, мәліметтер жинап, митингілерге, басқа да іс-шараларға мұрындық болдық. Кейін 90-жылдары мен қозғалыс төрағасы ретінде облыстық кеңеске депутат болып сайланғанымда облыстық кеңес деңгейінде осы мәселелерді көтере бастадық. Шынын айту керек, 80-жылдардың соңы, 90-жылдардың басында кеңестердің белсенділігі де жоғары болды, өкілеттілігі де бүгінгі мәслихаттардан гөрі көбірек болатын. Содан болар, біз облыстық кеңес отырысына Байқоңырдың өкілдерін шақырып, осы мәселелерді алдына қойдық. Олар бізге зымырандардың ұшу аймағының, зымыран сынықтары құлайтын аумақтардың картасын көрсетіп, біздің талаптарымызды тыңдады, тыңдап қана қоймай олармен санауға мәжбүр болды.

Екінші үлкен мәселе, Жезқазған қаласының, жалпы облыстағы елді-мекендер жанындағы радиолокациялық стансалардың халық денсаулығына зияны туралы айта келе, оларды басқа жаққа көшіру туралы талап қойдық. Мысалы Жезқазғанда қазіргі 92-орам жанында ол кезде сондай радиолокациялық станса болды. Сол мәнінда құрылыс жүргізіп жатқан жұмысшылар да наразылық білдіріп, ереуілге шыққан болатын. Біздің талабымызбен сол станса кейін көшірілді.

Үшінші бір көтерген мәселеміз ол – Ұлытауды ұлттық деңгейдегі қорыққа айналдыру бастамасы еді. Оны сол кездегі облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Сағындық Қожахметовтің ағамыз бірден қолдады. Сөйтіп, қозғалыстағы ғылыми мәселелер жөніндегі орынбасары Фарида Темерева осы мәселенің ғылыми негіздемесін қолға алып, облыстық кеңеске шығарды. Ақыры осы мәселені республика деңгейіне дейін көтеріп жүріп, әрине, облыс басшылығының қолдауы да болды, бір жақты еттік.

Біздің қозғалыстың араласқан келесі бір мәселесі Төректі әулие кешеніндегі петроглифтерді сақтап қалу болды. Құрылыс жұмыстарына керек деп кешенде жарылыс жасалған еді. Оны тоқтаттық. Кейін азаматтар бастама жасап, тарихымызды, мәдениетімізді тірліту үшін «Отырардан Ұлытауға

керек арбалар жасаттық. Көп дайындықтан соң бір айдың ішінде экспедиция Отырардан Ұлытауға жетті. Бұл керуеннің бір ерекшелігі ретінде біз сол кезде алғаш рет көк туды экспедицияның негізгі атрибуты ретінде алып шыққан едік. Сол кезде өзі де ел арасында болшақ туымыз қандай болады деген қызу талқылаулар жүріп жатқан. Біз бірнеше нұсқаның ішінде ортасында түйік сызық бейнеленген көк туға тоқтаған болатынбыз. Атты керуенді, көк туды көрген жол бойындағы ауылдар да экспедицияны қуана қарсы алып, үйлеріне қонақ етіп жіберіп отырыпты. Тіпті, сыбағаларың деп арбаларына қой салып бергендері де болыпты.

Енді «өтпеген-айларға» келсек, анау айтқандай «өтпеген-айлар» болды деп ойламаймын. Өзіміздің жеке өміріміздегі өзгерістер, менің Алматыға қоныс аударуым сияқты жағдайларға байланысты қозғалыс жұмысы саябырлап қалғаны рас. Бірақ, оны да бір жағынан заңдылық деп санаймын. Себебі, «Ұлытау» қозғалысының құрылуына себеп болған мәселелер еліміз Тәуелсіздік алған соң шешімін таба бастады. Қозғалыс өз алдына қойған мақсаттарына жетті. Оның құрамында жүріп шыңдалып, қоғамдық-саяси тәжірибе жинақтаған азаматтар басқа салаларда жемісті еңбек етті. Өз басым министрлікте жүрген кезде «Алтай-Дунай» халықаралық экспедициясының жұмысына атсалыстым. Онда да осы «Отырардан Ұлытауға дейін» Кіші Жібек жолы керуені ұйымдастырғандағы тәжірибемізді пайдаға асқаны анық. Жалпы қозғалыстың кейінгі жұмысы мәдени бағытта жүріп, оған орынбасарым Бақтияр Қожахметов жетекшілік жасады. Ең бастысы қозғалыс билік алдына мәселе қойып, оны жасампаздықпен шешу тәжірибесін қалыптастырды.

– Қозғалыс «Невада-Семей» ұйымымен белсенді әріптестікте болғаны, оның осы өңірдегі ұжымдық мүшесі ретінде әрекет еткені айтылады. Сол байланыстарға тоқталып өтсеңіз.

– «Ұлытау» қозғалысы тіркелмей тұрып-ақ, алғашқы құрылтайынан соң «Невада-Семей» қозғалысы құрылғаны туралы хабар естідік. Ол қозғалыстың көтеріп жүрген мәселелері бізге жақын екенін ескеріп, бірден байланысқа шықтық. Кейін Олжас Омарұлымен кездесіп, «Невада-Семейдің» облыстық бөлімшесі ретіндегі жұмыстарын атқаруға келісім бердік. Олжас Сүлейменовтің кітаптары, Семей сынақ полигонының зардабы туралы материалдарды әкеліп, ел арасында жұмыс жүргіздік. Аукциондар жасап, жиналған қаржыны «Невада-Семей» қозғалысына жібердік. Еркін Жабағинов бар, басқа азаматтар бар қолдау көрсетіп, Жезқазған Ұлытауда көпшілік іс-шаралар өткіздік. Ол іс-шараларымызға «Невада-Семей» ұйымының орталық штабынан Мұрат Үезов, Марат Сембин, Виталий Ерохин сынды азаматтар келіп қатысты. Ішінде марқұм Едіге Көбенов бар біраз азаматтар ядролық сынаққа қарсы бірінші халықаралық маршқа қатысып, Сарыағаштан Семейдегі

көріп жүрміз. Бүгінгі күннің талабы тұрғысынан қоғамдық ұйымдардың міндет, мақсаттары қандай болуы керек деп санайсыз?

– Қоғамдық ұйымдардың болуы – заңды құбылыс. Жалпы, мемлекет мықты болу үшін азаматтар өз құқықтарын пайдалана отырып, азаматтық жауапкершілік, азаматтық жанышорлық негізінде азаматтық белсенділік көрсете алуы қажет. Қоғамдық ұйымдардың мақсат, бағыттары әр түрлі болғанымен олар мемлекеттік органдардың назарына ілінбей қалған мәселелерді көрсетіп, оның шешу жолдарын іздейді. Азаматтарды қоғамдық маңызды мәселелер төңірегіне топтастырады. Оның ең жарқын мысалы ретінде жақында Арыста болған қайғылы жағдайды айтуға болады. Жарылыстан зардап шеккен арыстықтарға еліміздің әр аймағындағы азаматтар қолдау көрсету туралы бастама көтеріп, өте қысқа мерзімде моральдық қолдау өз алдына, қаржылай көмек жиналды. Мұның барлығын қоғам белсенділері қолдарына алып, ұйымдастыра алды. Қоғамдық жұмыстың бір ерекшелігі қоғам белсенділері өшікпен бұйрық күтпейді, өз жанышорлықпен жұмыс істейді. Осындай бастамаларды мемлекеттік органдар, басшылар іліп әкетіп, осы тәжірибелерді қолдаса, ауқымын кеңейтсе біраз шаруа шешілер еді. Сондықтан да, мемлекеттің тұрақты дамуының алғы шарттарының бірі ретінде қоғамдық ұйымдар – өте керек дүние.

Екінші жағынан мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктері пайда болғанда осындай қоғамдық ұйымдарға қазынадан гранттар бөліне бастады. Менің байқағаным кей ұйымдар осы грантты алудың жолдарын үйреніп алып, тіпті, осы гранттар үшін ғана әрекет етіп жатқандай да жағдайлар байқалады. Кей мемлекеттік органдар да грант бөлуде белгілі бір мәселелерді шешуді емес, өздеріне қолайлы ұйымдарды қаржыландыруды ғана мақсат ететіндей көрінеді. Былтырлары Азаматтық альянс өткізген бір жиындарға қатысып, қоғамдық ұйым жетекшілерінің өңімелерін тыңдасақ бәрінің айтатыны – мемлекеттен алынатын қаражат, грант, төндер. Бұл істе өте сақ болу керек. Бізге бір көзден ғана қаржыландырылатын ұйымдар қоғамды дамыту мақсатында емес, өзін қаржыландырушы топтардың мүддесін ғана көздеп кетуі мүмкін. Сондықтан қоғамдық ұйымдар үшін ең басты мақсат – қаржы табу емес, белгілі бір мәселелерді көтеру, сол мәселелер төңірегінде қоғамды топтастыру, қоғамдық пікір қалыптастыру, сол арқылы ол мәселелерді шешудің жолдарын табу. Мен ылғи айтып жүретін «Жетістіктерді көрмеу – соқырлық, кемшіліктерді көрмеу – жаны ашымағандық» деген қағида қоғамдық ұйымдардың да негізгі ұстанымы болса, ұтылмаймыз.

– Уақытыңызды бөліп, өткенге жасаған шолуыңыз, құнды пікірлеріңіз үшін рақмет айтамыз. Сұхбаттасқан Дархан МҰХАН

КӘСІПТІК БАҒДАР

ТАРИХЫ ҚАЛАМЕН ТАМЫРЛАС КОЛЛЕДЖ

Бүгінгі «Тау-кен металлургиялық колледжі» коммуналдық-мемлекеттік мекемесі 1955 жылдың 2 қазанында Қ.И.Сәтбаев атындағы Ленин орденді Жезқазған кен-металлургия комбинатына мамандар даярлау мақсатында құрылып, №13 кәсіптік-техникалық училищесі деп аталған екен. Содан бергі 64 жылдың ішінде талай құрылымдық өзгерістерді бастан өткергенімен, оқу орны қала құрушы саланың кәсіпорындарына кәсіби жұмысшы мамандарын даярлау бағытын өзгерткен емес. Мысты шаһармен қатар қарыштап, кәсіби білім берудің өміршең ұясына айналды. Қаламыздың 65 жылдығы қарсаңында біз колледж директоры Құсайын ЖАНАЕВПЕН арнайы кездесіп, тарихы қаламен тамырлас оқу орнының өткені мен бүгінгі туралы орайлы өзге мәселе өрбіткен едік.

Кәсіби мамандыққа баулу қай кезінде болмасын өз мәнін жоғалтпайтын анық. Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылдың қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек. «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет» деп атап көрсетуді Тау-кен металлургиялық колледжі ұжымның алдына да айтарлықтай міндеттер қойып отыр. Бұл оқу орнының басты ерекшелігі – «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС кәсіпорындары колледждің негізгі әлеуметтік серіктестігі болуында. Соған орай, колледж жұмысшы мамандарын даярлаудағы корпорация құрылымдарының сенімді базасына айналған.

Бұрынғы комбинат, бүгінгі корпорацияның мыс қорыту зауыты, байыту фабрикасы, құю-механикалық зауыты сияқты және басқа да кәсіпорындарында еңбекке араласқан талай жас осы оқу орнынан түлеп ұшқаны анық. Сол арқылы өңірдегі жұмысшы кадрларының қатары ұдайы толығып, нығайып отырады. Колледж тарихының беттерін парақтар болсақ, 1965 жылы ол №111 ГПУП болыпты. ҚазКСР-ы Мемлекеттік кәсіптік білім беру комитетінің 1984 жылғы 13 тамыздағы бұйрығына сәйкес №111 қалалық кәсіптік-техникалық училище №9 орта кәсіптік-техникалық училищесі болып өзгерген. Білім беру және мамандар даярлау жөніндегі көрсеткіштері бойынша 1992 жылдың қорытындысында аймақтың ең үздік кәсіптік училищесі деген дәрежеге ие болады. Осының нәтижесі болар, оқу орны Жезқазған облыстық кәсіптік техникалық білім басқармасының 1993 жылғы 20 тамыздағы бұйрығы негізінде №9 жоғары кәсіптік училище-техникалық лицейі деген жаңа атауға көшірілді. Сондай-ақ, одан әрі №9 кәсіптік техникалық мектеп, кәсіптік лицей деп аты өзгергенімен, заты

өзгерген жоқ. Ең соңғы өзгеріс осында 7 жыл бұрын болыпты. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарын қайта атау туралы» қаулысы бойынша кәсіптік лицей енді «Тау-кен металлургиялық колледжі» КММ атауына ие болды. Негізгі міндеті келешекте жан-жақты дамыған, кәсіби жағынан білікті, бәсекеге қабілетті және еңбек нарығында ұтқыр мамандар даярлау болып табылады.

Колледжді ұзақ жылдар И.И.Жураковский басқарды. Облыс және республика бойынша жақсы көрсеткіштерге ие болып, бірінші, екінші орындардан көрініп жүрді. Соның нәтижесінде 2000 жылы И.Жураковскийдің өзі Қазақстан Республикасы білім беру үздігі атағына ие болды. Училище 1981 жылы КСРО Түсті металлургия министрілігі саласындағы кәсіптік техникалық оқу орнындарының арасында үздік деп танылған көрінеді. Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, Прибалтика республикаларынан делегаттар келіп, 1982 жылы осы училищенің базасында КСРО халқының Достық фестивалінің өтуі де қала өміріндегі елеулі оқиғалардың біріне айналды. Кезінде осында оқитын жастар «Степные зори» ансамблін ұйымдастырып, ол 1982 жылы Халықтық өнер ұжымы атағын алды. Училище түлектерінің бірі, кейіннен «Шашу» халықтық би ансамблімен елімізге танымал болған Тәуржан Рахат өнеріндегі жолын осы ансамбльде бастаған көрінеді. Тау-кен металлургиялық колледжінде 2016 жылдан директор болып келген Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Құсайын Жанаев – біраз жыл қалалық білім бөлімінің, гуманитарлық колледжді басқарған тәжірибелі педагог. Бұрынғы жақсы дәстүрлерді қалыптастыра отырып, жастарды жаңа технологиялық қалыпқа сай дайындауға айрықша көңіл бөледі.

— Колледжді бұрын орта есеппен жылына 150-дей бала бітіруші еді. Өткен оқу жылында 134 бала бітірді. «Қазақмыс» кәсіпорындарымен әлеуметтік жақсы әріптестік орнаған. Оқушылар өндірістік практикасын

корпорация кәсіпорындарында өткізеді. Тәлімгерлері мен өндіріс шеберлері сол уақытта балалардың қабілет-қарымын байқап жүреді де бітіргенде таңдағандарын тұрақты жұмысқа алып қалады. Сондықтан да бізде түлектерді жұмысқа орналастыруда аса көп проблема жоқ. Колледжді бітіргендердің 90% еңбекке қамтылады. Бізге жан-жақтағы аудандардан келіп оқитындар бар. Оқу бітірген соң ауылдарына кетеді. Міне, солардың жұмысқа тұруы екіұштылау. Қазір 2017-2021 жылдарға арналған «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту» мемлекеттік бағдарламасы бойынша оқуға қабылдап жүрміз. «Еңбек» бағдарламасы деп те атайды, балаларға өте қолайлы. Биыл үшінші жыл осы бағдарлама бойынша маман даярлау жүзеге асырылуда. Мемлекеттік бағдарлама аясында бір жыл тоқарь мамандығына 25 бала алдық, екінші жылда 25 бала автослесарь, биыл 50 бала алып отырмыз. Жартысы газ-электр дәнекерлеуші, жартысы электрослесарь мамандығы бойынша оқиды. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтардың балалары жұмыспен қамту орталығы арқылы келеді. Бұл өзіміздің негізгі қабылдайтын оқушыларымыздың сыртындағы бағдарлама. Дуальді оқытуды, модульді-құзыреттілік әдісті енгізу негізінде колледж түлектері инновациялық технологияларды меңгеріп, өндірісте жақсы нәтижелер көрсетуде. WordSkills Karaganda облыстық жұмысшы мамандар чемпионатында 2017 жылы колледж студенттері «Слесарлық іс» сайысы бойынша 2 орынды иеленді, – дейді Құсайын Далабайұлы.

Директор атап өткеніндей, модульдік оқытуға көшу пайдалы қазбаларды байыту, өндіріс машиналарын жөндеуші-слесарь сияқты жаңа мамандықтар ашуға мүмкіндік беріпті. Жалпы 1965 жылы пайдалануға берілген колледждің ғимараты мен оқу-материалдық базасы талап үдесіне сай келеді. Алдағы 2020-2021 жылдарды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу кезделіп отыр екен. Биыл жобалық-сметалық құжаттары дайындалмақшы. Өндірістік сабақтар өткізілетін колледждің 4 шеберханасы бар. Мәселен, тоқарь цехы 15 станокпен қамтылған, 12 орындық дәнекерлеу цехы, жақсы жабдықталған электрлік және тоқарьлық зертханалар қаланың басқа жерлерінде жоқ десе болады. Оқу кабинеттері инновациялық құрал-жабдықтармен қамтылған. Екі класс компьютермен жабдықталған. Облыстық электронды колледж жүйесіне енгізілген. Колледждің 60 орындық жатақханасы, асханасы бар. Бір мезгіл ыстық тамақ беріледі. Үлгерімі



мен тәртібі дұрыс болса әр оқушы 16800 теңгеден стипендия алады. Ұжымда 20 оқытушы, 20 өндірістік оқыту шебері еңбек етеді. Мұғалімдердің 40% жоғары және 1-ші дәрежелі мамандар. Тау-кен металлургиялық колледж – мыс балқытып, кен қазған өңір сипатына толық сай келетін оқу орны. Осында оқып, түлеп ұшқан талай жас өмірден лайықты орнын тауып, еңбек құрметіне бөленді. «Бәрі бірдей тойшы болса, кім қойшы болады» дегендей, жұмысшы мамандығы бүгінгі жастарға да жат емес. Тек алдағы нәсіпке айналар кәсіпке деген бойда құштарлық болсын дейік.

Амандық РАХҰЛЫ

СӘН-СӘУЛЕТІ ЖАРАСҚАН

# ӨНДІРІСТІ ӨЛКЕНІҢ ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жезқазған – заман жаңалықтарымен жарысып келе жатқан жасампаз қала. Дәулетіне сәулеті сай түрленіп келе жатқан Жезқазған өндіріс аймағының егемен еліміздің экономикасын дамытуға қосып отырған үлесі де қомақты болып отыр. Жезқазған – еліміздің мысты қазынасы. Осыдан небәрі алпыс бес жыл бұрын ғана кішіне кент қала мәртебесіне ие болып, оның алғашқы тұрғындары құрылысшылар мен кеншілер болғаны баршаға белгілі.

Жезқазған қаласы құрылысының тарихи жайлы құнды деректер белгілі өлкетанушы Сүтеміген Бүкүровтің №289 қоры, 1-тізімдеме, 30, 39-сақтау бірліктерінде жинақталған. Металлургтер қаласының алғашқы қазығы – Кеңір өзенінің төменгі сағасындағы Наушабай жайлауында қағылды. 1936 жылы

мектеп, балабақшалар, сыра зауыты, нан зауыттары салынды. Өндірістік базада – жалғыз ғана кірпіш зауыты, раствор дайындайтын екі торап. Техникадан иелік еткені 15 автомашина, төрт экскаватор, 30 вагон тіркелген екі паравоз. Құрылысшылар аз, инженер-техниктер жетіспеді. Көп ұзамай Россия мен Украинадан,



қаңтарда КСРО Халық комиссарлары кеңесі болашақ комбинатқа дейін темір жол салу туралы шешім қабылдайды. 1937 жылы қазанда Нілді-Жезқазған теміржолы уақытша схема бойынша пайдалануға берілді. 1938 жылы 10 ақпанда Ауыр өнеркәсіп халық комитетінің жаңа төрағасы Лазарь Кагановичтің №50 бұйрығы шығады. Онда дереу Жезқазған комбинатын жобалау және құрылысын жүргізу туралы айтылған. Оның бірінші кезегі 1941 жылы іске қосылу керек болса, бүкіл комбинаттың құрылысын жаңа шахталармен кен байыту фабрикаларымен, мыс қорыту зауытымен 1943 жылы аяқтау жоспарланды. Руда шығаратын шахталар бұған дейін де болды. Кейбіреуі ағылшындардан қалса, кейбіреуі салынып жатты. Бірақ, 1939 жылы мұндай алып комбинатты өз күштерімен салудың мүмкін емес екендігі белгілі болды. Айналада – жүздеген километр жерде бір-бірінен алыс қоныстанған ұжымдастырудың құрбаны болған көшпелі ауылдар ғана. Құрылысшыны шаммен іздеп таппайсың. Міне, осы кезде ел басшылығы комбинаттың құрылысын НКВД-ның Лагерлер бас басқармасына тапсыру туралы шешім қабылдады.



Белоруссиядан, Балтық жағалауымен Орта Азиядағы республикалардан, Москва мен Ленинградтан, қарт Кавказдан жалынды жастар ағыла бастады. Құрылыстың небір майталман шеберлері қазақ даласына аттануға тілек білдірді. Олардың қатарында трест ұжымының бірінші ұйтқысы болған жергілікті құрылысшылар Шаймерден Әбдірахманов, Мамасейіт Бошолоқов та бар еді. Ұлы Отан соғысынан кейінгі он екі жылда Кеңес адамдары қала орнатып үлгерді. Құрылысшылар күші №31,32 шахталарының проходкалуа жұмыстарына, уақытша бөгеттің, уақытша электр станциясының, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық объектілер құрылысына топтастырылды.

1940 жылы 16 сәуірде жаңа құрылымның бірінші бастығы болып мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің капитаны, бұған дейін Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары болып жұмыс істеген Борис Чирков тағайындалды. Ал бас инженер, яғни барлық жұмыстардың техникалық жетекшісі болып Балқаштан шыққан металлург, НКВД майоры, инженер Виктор Шевченко тағайындалды. Ол бұған дейін Балқаш комбинатының бас инженері болып жұмыс істеген. Ал 1942 жылы жазда Чирковты ауыстырып, бүкіл Жезқазған құрылысын Виктор Шевченко басқарады. Сол кезде ірі құрылыстарды басқаруға өз білігімен сол құрылысты көтеретін, ұйымдастыратын және күштеп жұсай білетін адамдар таңдалды. Күшті индустрия құратын басқа мүмкіндіктің болмауынан да осылай жасалған болар.

1941 жылы 23 мамырда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Үлкен Жезқазған елді-мекенін жұмысшы қалашықтары қатарына жатқызу жөнінде Жарлық шығарды. 1942 жылы тоқтап қалған шахталар құрылысы қайта басталды. Көп ұзамай құрылыс жүргізетін мердігерлік «Жезқазғанқұрылыс» тресі құрылды, кейін ол жабылып, қаланың құрылысымен «Қазмысқұрылыс» тресі айналысты.

Архивтің №80 қорында «Қазмысқұрылыс» тресінің құжаттары жинақталған. Бұл құжаттарда Халық Комиссарлар Кеңесінің 1944 жылғы 20 маусымдағы №13257-Р өкімімен және КСРО Түсті металлургия Халық Комиссарының 1944 жылғы 3 шілдедегі №307 бұйрығымен «Қазмысқұрылыс» тресі құрылғаны жөнінде дерек келтірілген.

1947 жылы іссапармен келген КСРО Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары А.Микоян көпқабатты үйлер салумен өуестенбей, қоттеждер тұрғызуға, ағаш егуге, қаланы көгалдандыруға назар аударды. 1949 жылдан бастап Үлкен Жезқазған қалашығын қалаға

айналдыру жөнінде мәселе көтеріле бастады. 1952 жылы Кеңір жағасында 15400 адам тұрды. Тұрғын үй қоры 66500 шаршы метрге жетті, оларға жылу, су, канализация құбырлары тартылды. Тәжірибелік гидрометаллургиялық зауыты, кірпіш, шлакоблок шығаратын және ағаш өңдейтін өндірістер, темір жол станциясы, депо жұмыс істеп тұрды. Осы жылы жылу-электр орталығы, №42,44, «Покром», 1953 жылы №45, 51 шахталар, 1954 жылы – байыту фабрикасының үш секциясы пайдалануға берілді.

1954 жылы 20 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Үлкен Жезқазған шағын қалашығы Жезқазған қаласы болып аталды. Айта кету керек, жаңа қала мыс кенін өндіруді арттыруға соны сөріп берді. Біріншіден, өндіріс кешенін басқаруды орталықтандыру түпкілікті шешімін тапты. Қарағанды халық шаруашылық кеңесі Жезқазған мыс зауытының негізінде кен-металлургия комбинатын құрды, оның құрамында Жезқазған кен басқармасы, Қарсақбай мыс зауыты болды. Екіншіден, Кеңес одағының түпкір-түпкірінен комсомолдық жолдамамен және ұйымдасқан түрде іріктелген мындаған жұмыскерлер, жастар, инженер-техниктер келді, сондай-ақ, оларды жаңа ортаға бейімдеу, жаңа кәсіпке үйрету ұйымдастырылды. Құрылыс бұрын-соңды көріп білмеген қарқынға жетті. 1958 жылдың басында №45 шахтаның тәжірибелік участогына алдымен экскаватор, сосын тоқпен жүретін кен таситын автокөлік, төрт перфораторлы бұрғылау каретасы түсірілген еді. Өндірістік және тәжірибелік жағдайда жер астында кенді өздігінен жүретін тау-кен техникасымен өндіру технологиясы жан-жақты сынақтан өтіп, өмірге жолдама алды. Жеті жылдан кейін 1965 жылдың қыркүйегінде осы технологияға негізделген алып №55 шахта, екі жылдан кейін №57 шахта іске қосылды.

лынды. Көп қабатты үйлердің тұрғын алаңы 383 мың шаршы метрді құрады. Сол кезеңде 4-ші, 5-ші, 6-шы ықшамаудандар, олардағы төрт балабақша, екі мектеп, қоңақ үй, политехникалық институтының жатаханалары, ішкі істер басқармасы, байланыс үйі, сот, прокуратура ғимараттары, саяси ағарту үйі, сот, прокуратура ғимараттары, саяси ағарту үйі, қазіргі өкімдік ғимараты, әуежай және көптеген басқа да құрылыстар айналдырған 7-8 жылда салынып біткен еді.

1973 жылы 21 ақпанда Жезқазған мыс зауытының қара мыс өндірісінің бірінші кезегі пайдалануға берілді. Құрылысшылар, монтажшылар және металлургтер иық тіресе отырып, орасан зор құрылыс-монтаж жұмыстарын атқарды. Аз уақытта екі миллион текше метр жер жұмыстары істелді, 120 мың текше метр тұтас және құрастырма темір бетон, 34 мың тонна металлоконструкциялар орнатылды, 140 шақырым жер асты коммуникациялары тартылып, мыңға жуық технологиялық және электротехникалық жабдықтар мен агрегаттар тұғырына қондырылды. 1974 жылы 19 қарашада зауыттың қара мыс өндірісінің екінші кезегі, яғни қара мыс өндірісінің толық кешені іске қосылды. Бұл мыс балқытуды екі есе арттыруға жол ашты. Сөйтіп, 1974 жылғы 18 қараша кен өндіруден металл шығаруға дейінгі толық циклді қамтитын Үлкен Жезқазғанның құрылысы аяқталып, барлық құаттары іске қосылған күн болып есептелінді. Үлкен Жезқазғанның құрылысының аяқталуы бүкіл қазақ елінің өлеулі табысы еді.

Қаланың қарқынды өсу кезеңі 1970-1980 жылдарға сәйкес келеді. Осы жылдары Жезқазған политехникалық және педагогикалық институттарының ғимараттары, 600 орындық кәсіптік-техникалық училище, жүздеген шаршы метр тұрғын үй, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, мектептер бой көтерді. 1986 жылдан бері әлеуметтік-тұрмыстық, денсаулық сақтау объектілері салына бастады. Облыстық көпсалалы аурухана, мұдекткер үйі, облыстық тубдиспансер, стоматология емханасы, перзентхананың қосымша құрылысы осы жылдары салынды. Жалпы 3 мыңнан аса оқушыға арналған мектептер, 1300 орындық балалар бақшасы пайдалануға берілді. Бұл жылдарда түсті металлургия саласындағы аса ірі Анненский карьерінің құрылысы одан әрі жалғастырылды. Нарықтық қатынастарға көшкен соң 1996 жылы «Қазмысқұрылыс» тресі де тоқырап, жұмысын тоқтатты. Қазіргі кезде аса ауқымды емес құрылыс нысандарын шағын жекеменшік фирмалар жүргізуде. Олар кәбінесе шағын бизнеске арналған ғимараттар салуда.

Жезқазған – өндірісті қала ғана емес, заманауи талаптарға сай инфрақұрылымы саяси, мәдени-рухани орталыққа айналған шаһар.

Соңғы жиырма жыл ішінде металлургтер



қаласының кескін-келбеті айтарлықтай жаңарып, көркейіп түсті, ол ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы асқақ арманы – ел Тәуелсіздігі ала келген жаңа тарихи лептің жарқын әсері екені даусыз: осы жылдар ішінде қалыптасып, дамып келе жатқан шағын және орта бизнестің соңғы үлгіде бой көтерген кеңсе ғимараттары, сауда және қызмет орталықтары қала сәулетін айшықтай түссе, «Қазқмыс» корпорациясының қаржысына заманауи үлгіде жаңартылған «Ұлытау» спорт кешенінің, футбол стадионың жаңадан бой көтерген

«Пирамида» ғимаратын, әуенді субұрқақ құрылысын қамтитын жаңа Металлургтер саябағының сәулет кешені қала көрікне қайта-ланбас рен беруде. Олардың қатарына Тәуелсіздік жылдары ішінде орнатыла бастаған ескерткіштерді, шағын архитектуралық мүсіндерді қосыңыз. Мұның сыртында мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылып жатқан жарқын істердің арқасында қаланың мәдени-әлеуметтік нысандары бірінен соң бірі жаңарып, жасанып келеді. 2018 жылдың 11 маусым күні «Ұлытау Нан» зауыты ашылды. 2017 жылдың тамыз айында басталған жаңа зауытты іске қосу үшін небәрі 8 жарым ай жеткілікті болыпты. Салынып, іске қосылуына барлығы 2 млрд теңгеден астам инвестиция құйылған зауыттың аумағы 2640 шаршы метрді алып жатыр. Күніне 35 тонна өнім беретін зауытта жаңадан 223 жұмыс орны ашылды.

Қаламызда тұрғын үй мәселесін шешуге ұмтылыс жасалып отыр. 2013 жылы 8386 шаршы метр, 2014 жылы 10 айдың өзінде 10300 шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді. Президент бекіткен тұрғын үй бағдарламасын іске асыру жағы қарастырылуда. 2015 жылы «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы бойынша Байқоңыров көшесі, 123 «а» мекен-жайында орналасқан 5 қабатты үйдің кілті 50 жас отбасына, 2018 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Сәтбаев көшесі, 70 «а» мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, 36 отбасыға Тәуелсіздік күні қарсаңында пәтер кілті табысталды.

Өңір тұрғындарын төменгі бағадағы қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылдың желтоқсан айында Жезқазған қаласынан 10, кеншілер қаласынан 7 шақырым жерде аумағы 4 гектарды құрайтын «ULY DALA» гипермаркеті бой көтерді. Гипермаркеттің құрылысына заманауи экологиялық құрылыс материалдары мен конструкциялар қолданылды. «ULY DALA» гипермаркеті Италия, Германия мен Ресейден әкелінген озық құрылыстармен жабдықталды.

Қала да адам сияқты. Оның өз тарихы, өз мінезі, тек өзіне ғана тән ерекшелігі болады. Жезқазған – осындай қала. Шеті сонау көкжиекпен тұтасып, сары дала мен көк аспанның бояуы араласып барып, ғажайып түске иелене беретін алып кеңістіктің хиеткерін жалпап жатқан жазықтықтың бір пушпағын мекен еткен мысты шаһар – Жезқазғанда өзгешеліктің болуы – заңды. Байырғы Ақжал аталған жердің топырағына қадасын қадап, кейін атауын Жезқазған деп өзгерткен кенді қаланың кереметін толық тарқатып шығу мүмкін де емес. Өйткені Жезқазғанның көшегі тарихы тереңде, бүгінгі тарихы сан салалы.

Бүгінде Кеңірдің бойында қоныс тепкен қойнауы қазынаға толы Жезқазған сонау XX ғасырдың алғашқы жартысынан бері Қазақ елінің тарихында ойып орын алатын қазыналы шаһарға айналды. Міне, биыл Жезқазған-

ның қала атанғанына 65 жыл толып отыр. Қазақ жерінің кіндігіндегі киелі де құтты мекеннің түлеп, құрылысы қарқындала, еліміздің экономикалық және рухани-мәдени әлеуетіне үлесін қоса түсеріне күмәніміз жоқ.

**Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,**  
**Жезқазған мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және қапараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің архивісі**

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

### «АЛТЫН АДАМ» – МУЗЕЙ ТӨРІНДЕ

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен Жезқазған тарихи-археологиялық музейі ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларын жүзеге асыру жұмыстары аясында және Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы қарсаңында маусым айында «Ұлы Дала мұрасы» атты Халықаралық музейлер фестивалін өткізгені оқырмандарымыздың есінде. Фестиваль аясында музейдің 1-қабатында «Ұлы Дала мұрасы» экспозициясының салтанатты ашылуы өтіп, экспозицияға атақты «Алтын адамның» көшірмесі қойылған болатын. Көшірменің авторы – музейдің ғылыми қызметкері Кешубай Байдильдинов, киімін дайындаған – суретші-бездендіруші Сәбира Өткелова. Музейге бір жолым түсіп барғанында, осы керемет көшірмені көз майын тауысып жасаған шебер Кешубай БАЙДИЛЬДИНОВПЕН кездесудің сәті түсіп, аз-кем сұхбаттасқан

– Кешубай Хамитұлы, «Алтын адам» көшірмесін жасауыңызға не түрткі болды?  
– «Алтын адам» сақ ханзадасының көшірмесін жасауыма түрткі болған – бұдан бес жыл бұрын қолыма түскен Кемел Ақшыевтың Мәскеудегі «Искусство» баспасынан 1978 жылы шыққан «Есік қорғаны» кітабы. Осы кітапта 1970 жылы археолог-ғалым Кемел Ақшыев басқарған экспедиция жұмысының нәтижесінде Алматы маңындағы Есік қорғанының б.з.б. IV-V ғасырда өмір сүрген сақ тайпасының көсемі жас ханзада мүрдесі алтын киімді адамның табылғандығы баяндалады. Осы заманға дейін сол өңірдегі қорғандардың көпшілігі тонауға ұшыраса, бұл «Алтын адам» жатқан қорған толығымен сақталған. Денесіндегі әшекей бұйымдардың сол қалпында жатқандығын, әр әшекейдің өлшемі мен санын табылған кезде түсірілген фотосуреттерден көруге болады. «Алтын адам» киімі төрт мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әр әшекейде барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құстар бейнеленген.

ханзадасының бас киімі тәжісінен тәжірік қылып қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға алынды. Кітапты оқып зерделей келе, «Алтын адам» сақ ханзадасының Сарыарқа өңірі, Жезқазған қаласында да бір көшірмесі болса, өскелең ұрпақ тамашалап, терең тарихимыздан рух алып, елдікке, тектілікке, батырлыққа тәрбиеленсе деген ой болды.  
– Бұл ауқымды жұмысты бастауды қашан жоспарлап өңдііз?  
– Қаламызға сай ретінде жасасам деген оймен дайындық жұмысын бес жыл бұрын қолға алдым. Асығыстық таныпай, өбден зерттеп, бұған дейін де жасалған көшірмелерді қарап, «Алтын адамға» қатысты материалдармен танысып, бейнефильмдерді көріп, терең зерттеуге тура келді. Өйткені көшірмені жасау, аса дәлдікті талап ететін жұмыс. К.А.Ақшыевтың «Есік қорғаны» кітабындағы 1970 жылы «Алтын адам» табылған кездегі түсірілген фотосуреттерден сарптама жасағандары әр әшекейлердің өлшемінің реттілігін көруге болады. Сондықтан кітаптағы фотосуреттермен салыстыра отырып, «Алтын адамның» басынан аяғына дейінгі толық киімінің орналасу өлшемдерін, әшекейлерінің қатар реттілігін, орналасуындағы нақты санын белгілеп, толық эскиз сызбасын дайындадым. Одан кейін қандай металлдан жасау керектігі, қалыптарын жасау әдісін толық меңгеру және басқа да дайындық жұмыстары жүріп жатты. Дайындығыма толық көзім жеткеннен кейін, осыдан бір жыл бұрын Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің



басшысы Раушан Оңқонысқызына «Алтын адам» көшірмесін жасасам және музейімден орын алса деген ұсынғыспен шықтым. Ол кісі де ұсынғысымды қабыл алды. «Алтын адам» сақ ханзадасының төрт мыңға жуық әшекей бұйымын бір жыл ішінде дайындадым. Матадан киім үлгісін пішіп тігуге музейімдің тігінші қолөнер шебері Сәбира Өткелова үлкен көмегін тигізді. Сөйтіп, Қазақстанның азаттық символына айналған «Алтын адамның» көшірмесі Жезқазғанның тарихи-археологиялық музейінде орын тапты.  
– Уақыт тауып, тәжірибеңізбен бөліскеніңізге рақмет. Жұмысыңызға табыс тілеймін.  
Сұхбаттасқан Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН  
Суретті түсірген Ғалия ӘБДИПАПАРОВА

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

### ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҰҒЫРЫ

Қазақ елінің Ата Заңының 7-бап, 1-тармағында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ал осы баптың 2-тармағында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Осы аталған заңнаманың талабы орыс тілді қазақтардың көбеюіне себебі бар деген ой келеді. Ана тілімізді өзіміз өзектен тепсек, өзге ұлттардан не қайыр, не үміт? Тілді құрметтеу – қазақ елін құрметтеу емес пе?

Өткен ғасырда, дәлірек айтсақ, 1924 жылы Сәкен Сейфуллин «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды» деп дабыл қағып, іс құжаттары қазақ тілінде жүргізілсін деген талап қойды. Содан бері 95 жыл болып отыр, ал іс құжаттарының толық қазақ тілінде жүруі әлі шешілген емес. Бұл мәселені шешу үшін алдағы уақытта «Мемлекеттік тіл» туралы арнайы заң қабылданып барлық, заңнама алдымен қазақ тілінде жазылып, қабылдана деймін. Барлық салада іс-құжат қазақ тілінде жүргізіліп, қазақ тілінде жаза алмайтындар мемлекеттік қызметке алынбаса қоғамды мемлекеттік тілге деген нақты сұраныс туған болар еді. Сонда ғана қазақ отбасылары балаларын қазақ мектебіне толық бере бастайды деген ойдамын. Бұл өз кезегінде «ата-анамыз орысша оқытқан соң ана тілімізді білмей естік деген сылтауға тосқауыл қояр еді». Содан кейін тіліміздің заманға сай ғылыми, ресми айналымға түсіп, жинақы, нақты іскерлік саядағы сөздік қордың қалыптасуы үшін ғалымдарға қолдау көрсетілуі керек деп санаймын.  
Мәселенің маңызын әлі де түсінбей жүрген кей ағайынға төмендегі дерек пен дана сөздерді бір оқып шыққаны артық болмас деймін.  
– Ресей Федерациясында 1926 жылы Кеңес Үкіметі кезінде 194 ұлт болыпты. Ал 1991 жылы 101 ұлт қалған екен. Сонда не бәрі 65 жылда 93 ұлт жойылып кеткен (жазушы Мекемтас Мырзахметов өзінің «Өсу мен өшу» еңбегінде келтірген);  
– «Ұлттың тілі кеме бастауы, ұлттың құри бастағанын білдіреді» деген екен 1938 жылы халық жауы деп атылып кеткен ақын Мағжан Жұмабаев;  
– «Истинная любовь к своей стране немислыма без любви к своему языку. Человек равнодушный к родному языку – дикарь. Он вредносен по своей сути и ему безразличны прошлое, настоящее и будущее своего народа» (Константин Паустовский).  
